



Мемлекеттік баж



www.sodbi.kz

СодБи Бизнес-инкубаторы

ойдан бизнеске дейін

Copyright © 2005

Сұрақтар мен жауаптар

Мемлекеттік баж - уәкілдік берілген мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың заңдық мәні бар іс-қимылдар жасағаны үшін және (немесе) құжаттарды бергені үшін алынатын міндетті төлем.

1) Кім салық төлеуші болып табылады?

Заңдық мәні бар іс-қимылдар жасау және (немесе) құжаттар беру жөнінде мемлекет уәкілдік берген органдарға немесе лауазымды адамдарға өтініш жасайтын жеке және заңды тұлғалар мемлекеттік баж төлеушілер болып табылады.

2) Не баж алу объектілері болады?

- сотқа берілетін талап арыздардан, атқару парағының, құжаттардың көшірмесін және дубликатын беру туралы түрлі шағым және өтініштерден;
- нотариаттық іс-қимылдар жасағаны үшін, сондай-ақ нотариат куәландырған құжаттар көшірмелерін (дубликаттарын) бергені үшін;
- азаматтық хал актілерін тіркегені үшін, сондай-ақ азаматтарға куәліктерді қайтадан бергені үшін;
- шетелге баруға және Қазақстан Республикасына басқа мемлекеттерден адамдарды шақыруға құқық беретін құжаттарды рәсімдегені үшін, сондай-ақ осы құжаттарға өзгерістер енгізгені үшін;
- шетелдіктердің төлқұжаттарына немесе оларды ауыстыратын құжаттарына Қазақстан Республикасынан кету және Қазақстан Республикасына келу құқығына виза бергені үшін;
- Қазақстан Республикасының азаматтығын алу, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру және Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату туралы құжаттарды рәсімдегені үшін;
- тұрғылықты жерін тіркегені үшін;
- аңшылық құқығына рұқсат бергені үшін, сондай-ақ жойылып кету қаупі бар аң және балық түрлерін сондай-ақ олардың бөлшектері мен ұрықтарын алып кету және алып келуге рұқсат бергені үшін;
- жеке басты куәландыратын құжаттарды бергені үшін;
- қаруды және оның оқтарын сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға, Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге рұқсат бергені үшін;
- жеке және заңды тұлғалардың азаматтық, қызметтік қаруын әрбір бірлігін (аңшылық суық қаруды, ұңғысыз оқ қаруды, белгілік қаруды, аэрозольдық газды және басқа құрылғыларды, 7,5 Дж және 4,5 мм калибрлі пневматикалық қаруды қоспағанда) тіркегені және қайта тіркегені үшін;
- азаматтық қаруды (аңшылық суық қаруды, пневматикалық қаруды және аэрозольдық газды құрылғыларды қоспағанда) тіркегені және қайта тіркегені үшін;
- Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартқа сәйкес Қазақстан Республикасында жасалған, ресми құжаттарға Қазақстан Республикасының Ікіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдардың апостиль қойғаны үшін;
- Жүргізуші куәлігін, көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті, мемлекеттік нөмір белгілері бергені үшін мемлекеттік баж алынады.

3) Не баж алу объектісі болмайды?

- қылмыстық істе азаматтық талап берілген кезде;
- Қазақстан Республикасының консулдық мекемесі және дипломатиялық өкілдігі арқылы апостилдеуге келіп түскен құжаттарға апостиль қойған кезде;
- Қазақстан Республикасының консулдық мекемесі және дипломатиялық өкілдігі арқылы азаматтық хал актілерін тіркеу туралы өтініш жасаған азаматтарға қайта куәлік бергені үшін.

Төлқұжат және жеке басын куәландыратын куәлік бергені үшін Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ шетелдік азаматқа Қазақстан Республикасында тұруға белгі қағаз бергені үшін мемлекеттік баж төлеуден мыналар босатылады: Кеңес Одағының Батырлары мен Социалистік Еңбек Ерлері, Даңқ орденінің үш дәрежесімен және Еңбек даңқы орденінің үш дәрежесімен, «Алтын Қыран», «Халық қаһарманы», «Отан» ордендерімен наградталған адамдар «Батыр ана» атағын алған, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көп балалы аналар, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес соларға теңестірілген басқа да мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, I және II топтағы мүгедектер, Чернобыль апатының салдарынан зардап шеккендер.

4) Мемлекеттік баж ставкасы қандай?

Мемлекеттік баждың тіркелген проценттік ставкалары, егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының заң актісімен мемлекеттік баж төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшері негізге алына отырып есептеледі.

5) Мемлекеттік бажды төлеу және қайтару тәртібі қандай?

Мемлекеттік баж қолма-қол ақшамен, банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы аудару жолымен төленеді. Төленген мемлекеттік баж талап етілгеннен көбірек енгізілген, арыздар (шағымдар) қайтарылған немесе оны қабылдаудан бас тартылған, іс жүргізу тоқтатылған немесе іс қарауға жатпайтын жағдайда, қайтару туралы арыз Салық органына берілген кезде толық немесе ішінара қайтарылуға жатады. қайтару салық төлеушінің банк шотына жүргізіледі.

Әдебиеттер

Осы құжатты дайындау барысында келесі әдебиеттер пайдаланылды:

1. ҚР Салық Кодексі 01.01.2005ж. жағдайына қарай. Бөлім № 9

СодБи Бизнес-инкубаторы көрсетілген ақпараттарға қатысты, сонымен қатар, айтылған ақпарат сапасы мен қандай да бір нақты мақсатқа пайдалану үшін пайдалылығының кепілдігін қоса алғанда, ешқандай да кепілдік немесе шарт ұсынбайды. Материалдар тек қана жеке танысу үшін пайдалануға арналған. Материалдарды қайта басу, тарату, көшіру тек СодБи Бизнес-инкубаторының келісімімен ғана жасалады және ешқандай да коммерциялық мақсат көзделмеуі керек.



СОДБИ Бизнес-Инкубаторының Қызметтері

Біздің біліктілігімізді өз кәсібилігіңіз үшін қолданыңыз!

Қызметтер:

- Бухгалтерлік есеп бойынша практикалық кеңес
 - 1 С қолдана отырып кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу
 - Салық есебін құру және тапсыру
 - Қаржыны жоспарлау
-

Егжей-тегжейлі ақпарат алу үшін біздің тренинг-орталығымызбен байланысыңыз.

Байланыс адресі:

*Кеңесші: Луиза Исматуллаева
«СодБи» Бизнес-инкубаторы
Жандосов көшесі, 73, 160006 Шымкент
Тел. +7 (3252) 570378, 512003
e-mail: l.ismatullayeva@sodbi.kz
Веб-сайт: www.sodbi.kz*

